



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі.11 үй
тел.: 55-66-31, 55-66-37, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: 55 66 31, 55 66 37, факс: 55-72-94

14.02.18 № 1
№ _____ ге

Тұрақты комиссияның 2018 жылғы 14 ақпандағы қаулысы

Елордадағы мектептерде денсаулық сақтауды дамытудың проблемалары мен перспективалары туралы

Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік – мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы «Елордадағы мектептерде денсаулық сақтауды дамытудың проблемалары мен перспективалары туралы» ақпаратты тыңдап, талқылай отыра, қалада мектеп оқушыларын сауықтыруға және сапалы медициналық қызмет көрсетуге бағытталған нақты жұмыс жүргізіліп жатқандығын анықтады.

«Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері жөніндегі кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы Заңына сәйкес білім беру мекемелерінің медицина кабинеттері «Астана қаласының Денсаулық сақтау басқармасы» ММ-не тегін негізде берілді.

Қаланың 84 мемлекеттік жалпы білім беретін мектебінде медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру алғашқы медициналық – санитарлық көмек көрсететін ұйымдарға аумақтық тиістілігі бойынша іске асырылады. Қаланың мектептеріндегі медициналық қызмет көрсетуді қалалық емханалардың дәрігерлері мен медициналық бикелері жүзеге асырады. Қаланың барлық мектептерінің дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсетуге лицензиялары бар. Жыл сайын емханалардың медицина қызметкерлері мектептерде балаларды кешенді профилактикалық тексеру жұмыстарын жүргізеді, бұл жерде әрбір оқушыға медициналық карта ашылған.

Жалпы білім беру мектептеріндегі медициналық кабинеттер санитарлық – эпидемиологиялық нормаларға сәйкес жұмыс істейді. 2017 жылы 12 мектептің медицина кабинеттері жөндеуден өтті, 3 мектепте (№16, 17, 22) құралдармен жабдықталған жаңа кабинеттер ашылды. Мектептердің медициналық кабинеттері «Денсаулық-экспресс» аппараттық-бағдарламалық кешенінің жұмыс істеуі үшін интернетке қосылды. Пилотты түзімде № 59 мектеп-

лицейінің бірінші қабатында жалпы қолжетімді автоматты дефибриллятор орнатылды.

Жыл сайын профилактикалық егудің ұлттық жоспарына сәйкес мектеп оқушыларын аумақтық емханалардың салалық мамандар (педиатр, лор, педиатр, лор, окулист, невролог, стоматолог, хирург) скринингтік бақылаудан өткізеді, егеді. Медицина бикелері оқытудан өткізіледі және егу жұмыстарын жүргізуге рұқсат алады. 14-16 жастағы оқушылар флюорографиядан өтеді, 2017 жылдың басымен салыстырғанда туберкулезге қарсы диспансердің балалар бөлімінің стационарында емделіп жатқан балалар саны 12 пайызға қысқарды. Вирусты аурулардың алдын алу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қала мектептері «ҚР Диабетті ағарту қоры» ҚҚ-ның «Назар аударыңыз: Диабет жанында» атты жобасына қатысады.

Балаларды көпшілік спортпен айналысуды қамту ұлғаюда. Мектептер жанында 374 спорт секциясы мен 17970 үйірме жұмыс істейді, оларда 62 357 бала мен жасөспірім шұғылданады.

Сонымен бірге, Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік – мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы қолданылып жатқан шараларға қарамастан мектеп денсаулығын сақтауды дамыту жөніндегі жұмыстар әрі қарай жетілдіруді қажет ететіндігін анықтады.

Қала мектептерінің артық сыйымдылығы аса үлкен мәселе болып отыр, бұл мектеп оқушыларының денсаулық жағдайына кері әсерін тигізетін проблемалар қатарын туындатады. Мектептердің жобалық сыйымдылығында оқушылар санының өсуінен кейбір сыныптардағы балалар саны 40-тан астам адамды құрайды, бұл оқыту жағдайының санитарлық – эпидемиологиялық талаптарына сай емес. Балалардың үлкейген жарақат қауіпсіздігі дене тәрбиесі сабақтарында болады, бір спорт залда бірнеше сыныптар бір уақытта спортпен айналысады.

Медицинаны белсенді түрде дамытуға қарамастан ауру балалар санының өсуі, оның ішінде қант диабетімен, семірумен, тіреу – қозғалу аппараты (сколиоз, омыртқа жағының бұзылуы) ауруларымен ауыратын балалар санының өсуі байқалады. 2017 жылдың қорытындысы бойынша мектеп оқушыларының 20 пайыздан астамы әр түрлі патологияға ие, оның ішінде демалу және тамақ қорыту органдары аурулары, көз бен оның ұяшық аурулары, ауыз қуысы ауруларына ие. Балалардың көптеген аурулары тамақтану түзімін жүйелі түрде бұзу болып табылады.

Мектеп оқушыларына уақытында стоматологиялық қызметтер көрсету өзекті болып табылады. Қалалық денсаулық сақтау басқармасына қаланың 11 мектебіндегі стоматологиялық қондырғылар берілмеген.

Қала мектептерінің көптеген медициналық және егу кабинеттері ағымдық немесе күрделі жөндеуді қажет етеді. Медициналық қалдықтар үшін жеке кабинеттер жоқ.

Мектептерде ұсынылатын медициналық қызмет көрсетулер сапасын жақсарту мақсатында медицина бикелерінің еңбегін ынталандыруды көтерутуралы мәселені шешу қажет, олар екі – үш жүктемемен жұмыс істеуге

мәжбүр, ал жаңа норматив бойынша бір мектептің медициналық қызметкеріне 500 адам тиесілі.

Балаларын егуден бас тартатын ата – аналар санының өсуі байқалады, себебі, олар жеткілікті ақпаратқа ие емес және көбінесе интернеттен теріс ақпараттар алады.

Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік – мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1.«Елордадағы мектептерде денсаулық сақтауды дамытудың проблемалары мен перспективалары туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. **Астана қаласының әкімдігіне, Астана қаласы әкімдігінің мүдделі құрылымдық бөлімшелеріне:**

- балалар денсаулығын сақтау және нығайту және мектеп жасындағы балаларды медициналық қызметкерлер көрсету сапасын көтеру мақсатында жалпы білім беретін мекемелердің артық сыйымдылығын мемлекеттік – жекешелік әріптестік тетіктері шегінде жеке қаржыландыруды тарту жолымен жоюды қарастыру қажет;

- білім беру объектілеріне санитарлық – эпидемиологиялық талаптарға сәйкес қаланың жалпы білім беру мекемелерінің медицина кабинеттерін жарақтандыру бойынша шаралар қабылдау;

- білім беру мекемелерінде аяқ астынан жүрегі тоқтап қалған кезде шұғыл түрде алғашқы медициналық көмек көрсету үшін жалпы қолжетімді автоматты дефибрилятор орнату ұсынылсын.

3. **«Астана қаласының Денсаулық сақтау басқармасы» ММ-не:**

- мектеп жасындағы балаларға көрсетілетін медициналық қызметтер сапасын жақсарту және жағдайлар жасау жөніндегі нысаналы жұмыстарды жүргізу және қызметті белсендендіру;

- балалардың дұрыс өсуі және дамуын қамтамасыз ету мақсатында аурулардың алдын алуға бағытталған мектеп медицина персоналының қызметін белсендендіру, оқушыларда тиімді тамақтану негіздерін, салауатты өмір салтын жүргізуді ынталандыруды қалыптастыру ұсынылсын.

4. **«Астана қаласының Білім басқармасы» ММ-не:**

- дені сау бала тәрбиелеу жөнінде ата – аналарды ақпараттандыру деңгейін көтеру бойынша үнемі жұмыс жүргізу;

- қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алу әрекеттерінің бірі ретінде және оны алуға қарсы болған жағдайда баланың өмірге және денсаулыққа деген құқығын бұзу болып табылатын қажетті егу жұмыстары туралы ата-аналармен жұмыс жүргізу;

- оқушыларды зиянды әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу, денсаулығы төмен балаларды дене тәрбиесімен және спортпен тұрақты түрде айналысуға тарту ұсынылсын.

5. **«Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» ММ-не** салауатты өмір салтын насихаттау, балалар денсаулығы үшін иммунизация мен әлеуметтік роликтерді эфирден беру және медициналық теле-, радио бағдарламаларды шығару жолымен бұқаралық ақпарат құралдарының ролін белсендендіру ұсынылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік – мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының
әлеуметтік – мәдени даму мәселелері
жөніндегі тұрақты комиссиясының
төрағасы**



М. Шайдаров